



ӨЗЕН

№10 (31) ҚЫРКҮЙЕК 2018 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Үздік маман – 2018



24-28 қыркүйек күндері Маңғыстау облысы мен Павлодар қаласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өндірістік нысанда-рында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының қызметкерлері арасында «Үздік маман – 2018» кәсіби шеберлік байқауының ақтық кезеңі өтті. Сайыстар «ҚазМұнайГаз» еншілес ұйымдарының алты өнеркәсіптік алаңында – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Қаламқас кенорны), «ҚазТрансОйл» АҚ (Ақтау, оқу-курстық комбинаты), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар), «Oil Services Company» ЖШС (Жетібай кенорны), «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-да (Ақтау, Маңғыстау технологиялық транспорт басқармасы) ұйымдастырылды.



сы, технологиялық қондырғылар операторы, технологиялық сораптар машинисі, технологиялық компрессорлар машинисі, мұнайды өңдеу кәсіпорындарының химиялық талдау лаборанты сияқты 20 негізгі және аралас мамандықтың 172 өкілі өз шеберліктерін сынға салған.

Қатысушылар теориялық білімдерді тестілеу және практикалық тапсырмаларды орындау арқылы сыналды. Тест online режимінде электронды түрде өтті. Ал тәжірибелік сайысты өткізген өндірістік бөлімшелер тыңғылықты дайындалған. Екі бөлімде де әр сайыскер өздерінің таңдаған мамандықтарына адалдықтары мен жоғары шеберліктерін Ұлттық компанияның басты кәсіби алаңдарында көрсетіп, өз мекемелерінің намысын қорғады.

Жалпы «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының соңғы туры мұнайшылардың өзге кәсіпорындардағы озық әдістерді үйреніп, тәжірибе алмасуларына мол мүмкіндік туғызады.

Байқау қорытындысы бойынша «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамынан барған Мұнай және газ өндіру операторы Нұрсерік Нұржанұлы Наренбаев (№3 МГӨБ) - I орын, Сквжинаны зерттеу операторы Асхат Бара-



хатұлы Жұматов (№2 МГӨБ) – I орын, Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу слесары Мұхит Майлыбайұлы Кешбаев (№4 МГӨБ) – I орын, Автокөлік жүргізушісі Сүндетбай Бердіханұлы Қорғанбаев (№2 СҚКБ) - I орын, Темір жонұшы Жанболат Жарылғасұлы Мұханов - I орын, Жылжымалы депарафинизациялау бу қондырғысының машинисі Дәрменбаев Айберген Кенжетайұлы (БЖБ) - I орын, Сквжиналарды жерасты жөндеу бригадасы - Ғабит Ганибайұлы Имашев (№2 МГӨБ), Жолдыбай Елемесұлы Ыбраев (№2 МГӨБ), Амангелді Ұлықпанұлы Бекежанов (№1 СҚКБ), Марат Сисенұлы Камаев - II орын, ЦА-320 арнайы техникасының машинисі Бауыржан Атаұлы Алибаев (БЖБ) – II орын, ЦА-320 арнайы техникасының моторисі Досбергенов Қонарбай Ерғалиұлы БЖБ - II орын, Химиялық талдау зертханашысы Жамал Илиясқызы Мұсаева (МДжӨҚКБ) – II орын, Автокран машинисі Арман Ақбергенұлы Қарашай – II орынды иеленді.

(жалғасы 2-бетте)



Ақтық кезеңде химиялық талдау зертханашысы, тауар операторы, бақылау-өлшеу құралдары және автоматика слесарі, электромонтер, электрогазденекерлеуші, мұнай және газ өндіру операторы, қабат қысымын сақтау операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, технологиялық жабдықтау қызмет көрсету және жөндеу слесарі, автомобиль краны машинисі, жылжымалы бу қондырғысының машинисі, автомобиль жүргізушісі, цементтеу агрегатының моторист-машинисі, токарь, ҰЖЖ бригадасы, ҰКЖ бригадасы



Басы 1-бетте

Өсет Кенжеш – Қазылар алқасының мүшесі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ кәсіпорындары тобының сарапшыларынан құралған қазылар алқасының құрамында мен де болдым. Біз мұнай және газ операторы мамандығы бойынша сынға түскен мамандардың жұмысына баға бердік. Сайыс шарттарының орындалуын, нормалар мен талаптарды мұқият қадағалап отырдық. «Үздік маман» байқауының қазылар құрамын бекіту тәртібі маған әуелден ұнайтын: қатысушылардың барлығының да тәлімгерлері қазылар алқасының құрамында болады. Сондықтан әділетсіздікке жол жоқ. Оның үстіне сала мамандарының тәжірибелілігі көп нәрсенің ағат кетуіне жол бермейді. Барлығы айқын көрініп тұрады. Бұл байқауда да солай болды. Қатысушылардың бәсекелестік деңгейі өте жоғары екен. Барлығы да дайындықпен келген, ынта-жігерлері көрініп тұрды. Кім мықты, сол жеңіске жетті.



Бәйіш Мейіров – тәлімгер, «Өзенмұнайгаз» АҚ Бұрғылау жұмыстары басқармасының аға шебері

– Айберген Дәрменбаев Бұрғылау жұмыстары басқармасының Жылжымалы депарафинизациялау бу қондырғысының машинисі. 2009 жылдан бері сол көлікті тізгіндейді. Мамандардың кәсіби білім-білігін сынға салатын «Үздік маман» байқауына бірінші рет қатысты. Ақтық турға дейін жетті. Жолдама алған сәтінен бастап, жан-жақты дайындадым. Теориялық сұрақтардың жауабын бірге іздедік. Практикасын да шыңдап, жаттығуларды жүйелі жасадық. Себебі мақсатымыз айқын еді: жеңісті көздедік. Үміт ақталды. Өз ептілігінің, білімінің арқасында бірінші орынды жеңіп алды. Жас та болса өз мамандығының үздігі екенін дәлелдей алды.

Нүрсерік Наренбаев – «Үздік маман – 2018» байқауының жеңімпазы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы деңгейіндегі байқауға жақсы дайындықпен келдім. Мен мұнай және газ өндіру операторы мамандығы бойынша қатыстым. Біздің сайысымыз «Қаламқас» кенорнында өтті. Бірінші теориялық сайыста тест тапсырмаларынан жақсы көрсеткішпен шықтым. Одан соң тәжірибелік сайысқа қатыстым. Онда да бар күш-жігерімді сарп еттім. Уақыты, ұқыпты орындалуы, заңдылықтары – барлығы жіті қадағаланды. Қорытынды бойынша бірінші орынды иелендім.

Жалпы ұйымдастыру деңгейі жоғары болды, барлық жағдай жасалған. Өндірістік бөлімшелер арнайы жұмыс орындарын, құрылғылар мен құрал-жабдықтарды түгел дайындаған. Арнайы киімдер мен жабдықтар берілді.

28 қыркүйек күні Ақтау қаласында теңіз жағалауында байқаудың қорытындысы шығарылып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығының қатысуымен жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Жүзден жүйрік шыққандарға «Үздік маман» медалі және дипломдар табысталды.

Жыл сайын өтетін «Үздік маман» сайысы мұнайшылардың өз мамандықтарының қыр-сырын тереңдете білуіне бағыттайтын шара. Тәжірибе алмасып, ынталандыратын байқау. Осындай шеберлік шыңдау сынында үздік танылған әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз. Білікті маман компания келешегін қалыптастырады.



Үздік депутат

«Біздің депутат» республикалық қоғамдық-саяси газетінің 2018 жылдағы рейтинг қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мәслихаттарының ішінен үздіктер анықталды.

17 облыстық мәслихат депутаттары арасынан 14 депутат «Үздік депутат» деп танылған. 14 қаладан 11 депутат «Үздік депутат» медалімен марапатталады. Үздіктер қатарында МО мәслихатының депутаты, «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлы Ибағаров бар. Еліміздегі облыстық және қалалық мәслихаттың 900-ге жуық депутатының арасынан топ жарған әріптесімізді шын жүректен құттықтаймыз!

ҚМГ БӨ KASE-те артықшылықты акцияларды сатып алу бойынша арнаулы сауда-саттық нәтижелері туралы ХАБАРЛАЙДЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («Компания», «ҚМГ БӨ») 2018 жылдың 17 қыркүйегі мен 27 қыркүйегі аралығында KASE сауда жүйесінде Компанияның артықшылықты акцияларын сатып алу жөнінде арнаулы сауда-саттық жүргізілгенін хабарлайды.

Арнаулы сауда-саттық жүргізу қорытындысы бойынша Компания әр данасын 12 800 теңге бағамен 81 300 артықшылықты акцияны сатуға өтінішті қанағаттандырды. Сатып алудың жиынтық сомасы 1 040 640 000 теңге құрады.

Еске сала кетейік, Компания 13 тамызда бір акция үшін 12 800 теңге бағамен 1 905 209 акцияға дейін көлемде еркін айналымда жүрген өзінің артықшылықты акциясын сатып алу туралы хабарлаған болатын. Дәл қазіргі сәтке дейін Компания 484 863 акцияны сатып алуды жүзеге асырды. Артықшылықты акцияларды сатып алу 2018 жылдың 16 қарашасына дейін жүргізіледі.

АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ

- 1** ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылданып, Прямые решение продать привилегированные акции АО РД КМГ.
- 2** Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе көз жеткен басқа брокерлік компания) келісімшарт жасайсыз. Заключите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета.
- 3** «Казпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз. Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городе, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций.
- 4** Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз. Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций.
- 5** Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Біржауың мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз. Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций на специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет).
- 6** Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін). Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ).

БАЙЛАНЫСТАР
Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгіруге болатын «Казпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі:

- Атырау қ. Абай к.с. 6, 8 (7122) 95-49-93
- Байқұрман к.с. 70А, 8 (7122) 95-49-49
- Астана қ.с. 49, 8 (7122) 21-38-02
- Құрсыр к.с. Мамбет діни, 25, 8 (7122) 5-17-38
- Мағат к.с. Мұқанов к.с. 19, 8 (7122) 3-17-18
- Досар к.с. Сулейменов к.с. 8 (7122) 2-18-01
- Ақтау қ. 8-ш.к. 28, 8 (7122) 20-35-44
- Жаңаөзен қ. Шығарман к.с. 442-й, 8 (7122) 7-17-90

КОНТАКТЫ
Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций:

- Атырау қ. Абай к.с. 6, 8 (7122) 95-49-93
- Байқұрман қ. 70А, 8 (7122) 95-49-49
- Астана қ.с. 49, 8 (7122) 21-38-02
- Құрсыр қ. Мамбет діни, 25, 8 (7122) 5-17-38
- Мағат қ. Мұқанов к.с. 19, 8 (7122) 3-17-18
- Досар қ. Сулейменов к.с. 8 (7122) 2-18-01
- Ақтау қ. 8-ш.к. 28, 8 (7122) 20-35-44
- Жаңаөзен қ. Шығарман к.с. 442-й, 8 (7122) 7-17-90

Тіркеуші – «Балам қағаздарды бұйрық» АҚ «Елді» регистраторының филиалы:

- Астана қ. Иманов к.с. 13, 101-қабат, 8 (7172) 47-41-88, 8 (7172) 47-41-89
- Алматы қ. Бостандық ауданы, Сапиев көш., 30А/2, тел. 8 (7172) 272-47-40, факс: 8 (7172) 272-47-40, ыан. 230.

Арнаулы қалалардағы байланыстар:
Астана қ.с. 1, «Елді» филиалы, тел. 8 (7172) 99-32-42
Жаңаөзен қ.с. 3, «Елді» филиалы, тел. 8 (7122) 44-34-01

Арнаулы қалалардағы байланыстар:
Астана қ.с. 1, «Елді» филиалы, тел. 8 (7172) 99-32-42
Жаңаөзен қ.с. 3, «Елді» филиалы, тел. 8 (7122) 44-34-01

Елді-тегімділі ақпаратты www.kmgpp.kz сайтынан оқи аласыз.

Бөлек-бөлек ақпаратты www.kmgpp.kz сайтынан оқи аласыз.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

«Өзенмұнайгаз» АҚ коммерциялық блоктың атқаратын рөлі өте маңызды. Газетіміздің осы санында «Өзенмұнайгаз» АҚ коммерциялық сұрақтар жөніндегі басқарушы директор Алмас Сәрсенбайұлы Сәрсенбаевпен сұхбаттасқан едік.



КОММЕРЦИЯЛЫҚ БЛОК КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАБЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚҰРЫЛЫМ

- Алмас Сәрсенбайұлы, Компания мұнай ресурстарын сенімді, әрі бәсекеге қабілетті етіп жеткізуді қамтамасыз етуге, капиталдың құнын арттыруға, сондай-ақ орнықты дамуды қамтамасыз етуге тырысады. Акционерлік қоғамның үздіксіз өндіріс көлемін арттырып, тұрақты қызмет жасауы жолында бірнеше департамент бірлесе жұмыс атқаратынын білеміз. Олардың жасайтын негізгі қызметтеріне тоқталсаңыз?

– Коммерциялық блок – Компания Стратегиясын табысты жүзеге асырып келе жатқан құрылым. Негізінен, үш бағытты күшейтуді қамтамасыз етіп келеді, атап айтқанда Сатып алу және жергілікті қамту департаменті, Логистика және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті, Қор талдау департаменті.

Коммерциялық блоктың жұмысы қызмет ету нарығында ұзақ мерзімді трендтерді дер кезінде пайдаланып қалу және компанияның бәсекеге қабілеттілігі мен құнын арттыруға бағытталған.

Материалдық ресурстармен қамтамасыз ету құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қажеттілігіне байланысты жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, сатып алу қызметін оңтайландыру, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті іс-шаралар жүргізілуде.

Сатып алу және жергілікті қамту департаментінің орны ерекше, себебі оның негізгі мақсаты – сатып алу рәсімдерін уақытылы жүзеге асыру және Қоғамның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

Сатып алудың негізгі қағидаттары сатып алу процесінің ашықтығы мен жариялылығына, сондай-ақ мүгедектер ұйымдарын қолдау шартымен қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тепе-тең мүмкіндіктерді ұсынуға негізделген.

Әлеуетті өнім берушілердің арасында жосықты бәсекелестікті сақтау маңызды мәселе болып табылады, сонымен қатар сатып алу үшін пайдаланылатын қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалыуына бақылау жүргізіледі.

Сатып алу бөлімінің көмегімен сапалы, тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алынады.

Сондай-ақ, сатып алу бөлімі холдингшілік кооперацияларды дамыту мақсатында Холдингке кіретін ұйымдардың арасында сатып алуды өткізуге ат салысады.

Сондай-ақ Логистика және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Департаментінің қызметі Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға қажетті материалдық-техникалық ресурстардың болмауына байланысты тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Қоғамның қайта құрылуына байланысты 2012 жылдың тамыз айында жаңа Қор талдау департаменті құрылған болатын, оның негізгі міндеттері – өз қажеттілігіне мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сыртқы және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдаудағы және сату жөніндегі шығыстар мен кірістерді талдау (мониторинг өткізу), Қоғамның мұнай, газ, газ конденсаты және мұнай өнімдерін өткізу бойынша келісім-шарттардың орындалысын бақылау және талдау жүргізу болып табылады.

- Атқарылған жұмыстарды нақтылай түссеңіз, үстіміздегі жылы сатып алу бөлімі тарапынан қандай нәтижеге қол жеткізілді?

– Әрине, бізде нақты атқарылған жұмыстар қорытындысы бар. Сатып алу бөлімі 2018 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша ҚҚС есепке алмай (96,07%) 186 036 млн. сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу рәсімін іске асырды, сәйкесінше өткізілген сатып алу бойынша үнемделген қаражат құны ҚҚС есепке алмағанда (1,72%) 3 201 млн. теңгені құрады.

Сонымен қатар Қоғам Холдингінің жер қойнауын пайдаланушысы болып табылады, жер қойнауын пайдаланушылар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олар жобалық құжаты мен Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда тауарларды отандық тауар өндірушілерден сатып алуға міндетті. Осыған байланысты 2018 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша жергілікті қамтудың іс жүзіндегі үлесі – тауарларға 47,17%, жұмыстар мен қызметтер бойынша – 73,43%.

- Білуімізше, Қоғамда осыдан 5-6 жыл бұрын көліктердің қосалқы бөлшектерінің тапшылығы болды. Көлік жүргізушілерінің уақыттарын бос өткізу деректері жиі орын алған болатын. Осы тұрғыда қосалқы бөлшектерді сатып алуды қалай жүйеге салдыңыздар?

Өндіріс техниканың күшіне тәуелді, ал техника болғасын істен шықпай тұрмайды. Бұрын бұзылған көліктердің қосалқы бөлшектерін жеткізу ұзақ уақытты алатын. Сураныс берілгеннен кейін тендер өткізілетін. Біз «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры» АҚ-мен, «Қазмұнайгаз» АҚ-мен келіссөздер жүргіздік. Нәтижесінде қоғам мен Автокөлік құралдары және арнайы техниканы техникалық қолдау бойынша қызмет көрсетулер сатып алу үрдісі жүргізіліп, нәтижесінде тендердің жеңімпазымен ұзақ мерзімді келісім-шарт жасалды. Келісім-шарттың талаптарына сәйкес автокөлік құралдарына және арнайы техникаға қажетті қосалқы бөлшектер өндірістік

құрылымдық басқармалардың тапсырысы бойынша жеткізушімен 4 сағатта беріледі, ал егер де жеткізушіде ол қосалқы бөлшек болмаса, 15 күнде өндірістік құрылымдық басқармаға жеткізіледі.

Жалпы Қоғамда орын алған оқшылықтар тез арада қалыпқа келтіріледі. Көліктердің қосалқы бөлшектерін сатып алу үрдісі оңтайландырылуын солардың бірі десек болады.

- Коммерциялық блоктың жұмысы оңай емес. Сізді бұл тұрғыда материалдық-техникалық қамтамасыз ету бағытындағы шаралардың барлығына жауапты десек болады. Жалпы сатып алу жоспарын орындау көрсеткіші қандай?

– Басқарушы директор материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы маңызды шешімдерді қабылдау және логистика мәселелерін шешуде өзінің көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін, топ-менеджерлік білік-дағдыларын көрсете білуі керек. Бұл тұрғыдан өзімізге жүктелген міндеттер межесінен шығуға тырысамыз. Жалпы алғанда, ТМҚ және шарттардың жоспарын орындау деңгейіне қол жеткізу бойынша шаралар қабылданды. 2018 жылдың 8 айына ТМҚ бойынша сатып алу жоспарын орындаудың негізгі көрсеткіштері 96,53% деңгейге жетті. SAP ERP жүйесінде МТҚ процестерін жақсарту мен автоматтандыру, процестердің ашықтығын және МТҚ басқарудың барлық деңгейінде ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында номенклатуралық-анықтамалық ақпаратты (НАА) қалпына келтіру жобасын енгізуге бағытталған материалдық-



техникалық қамтамасыз етудің бизнес-процестерін оңтайландыру жобаларын енгізіп жатырмыз.

Өтімді емес ТМҚ өткізу процесі ұйымдастырылды, онда бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес оларды әрі қарай өткізу және есептен шығаруды іске асыру үшін өтімсіз ТМҚ сараптау және бағалау жұмысы жүргізілді.

Сонымен қатар, өтімсіз ТМҚ өсімінің алдын алу мақсатында Қоғамның қоймаларындағы материалдық қорларды (қалдықтарды) азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұл процеске қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері жұмылдырылған.

Коммерциялық блок қызметін жүргізіп отырған мамандардың біліктілігіне күмән жоқ. Игілікті жұмыстар атқарып жүрген қызметкерлер туралы не дейсіз?

Иә, әрине. Департамент директорларының да, мамандардың да біліктілік деңгейлері жоғары. Атап айтар болсақ, Сатып алу және жергілікті қамту департаментінің директоры Мұхаметжан Төлендіұлы, Логистика және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаментінің директоры Бибігүл Джанкутова және Қор талдау департаментінің директоры Мақсат Алтанов «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-ның жүйесінде ұзақ уақыттан бері қызмет атқарып келеді.

Сонымен қатар аталған құрылымдардың ішіндегі бөлім басшылары мен білікті мамандарды тәжірибесі мол қызметкерлер деп айта аламын. Олардың біліктілік деңгейлерін арттыру мақсатында үнемі «Самұрық-Қазына» және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» акционерлік қоғамдарымен ұйымдастырылатын курстарда оқытылады.

Сұхбатыңызға рахмет! Ауқымды қызметтеріңізге сәттілік тілейміз.



ЕҢБЕКПЕН ӨТКЕН ӨМІРІ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БҰРЫҢҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ, БҮГІНДЕ ҚҰРМЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒЫП НЕМЕРЕЛЕР МЕН ЖИЕНДЕР ОРТАСЫНДА БАҚЫТТЫ ҒҰМЫР КЕШІП ОТЫРҒАН ЫРЫСТЫ АБДУЛЛАЕВАНЫҢ БҮКІЛ САНАЛЫ ҒҰМЫРЫ ЕҢБЕКПЕН ӨТТІ.

«Мен 1992 жылы Технологиялық транспорт басқармасынан зейнеткерлікке шықтым. Басқармада еден сыпырушы болып жұмыс жасадым. Жұмыс жасап жүріп Алла тағала берген 9 баламды отағасы екеуіміз қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсірдік, оқыттық, тәрбиеледік. Мерекелерде бізді ұмытпай шақырып, қонақ етіп, жылы сөздерін айтатын компания басшылығына алғысым шексіз» – дейді Ырысты шешей. Әлдекімдерге маңызы жоқ жұмыс болып көрінгенмен еден сыпырушы болып жұмыс жасау да еңбекқорлық пен төзімділікті қажет етеді. Психолог мамандар кеңсенің кірлеген бұрышы мен лас дәліз жұмыскерлердің жұмысқа деген құлшынысының анағұрлым азайтатынын айтады. Сондықтан Ырысты шешей де компанияның тыныс-тіршілігіне, мамандардың ықыласты жұмыс істеуіне үлесін қосқаны анық.

Бір орында 20 жылдан астам абыройлы еңбек еткен кейуана жастарға ештеңенің аспаннан түспейтінін, бәріне ерінбей еңбек ету керектігін айтады.

«Ыстықта күнге қақталып, суықта-тоңып, шыңдалған компания мұнайшыларына Алланың нұры жаусын!» – дейді ол.



АСХАНА - ЖҰМЫСШЫЛАР ИГІЛІГІНЕ

ЖАҢА НЫСАН



Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасында жаңа нысан қолданысқа берілді. Бір мезетте 80 адам отырып тамақтана алатын асхананың салтанатты ашылуы 4 қыркүйек күні өтті.

Асхана Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасы ұжымының көптен күткен нысаны еді. Себебі мұндағы екі ауысымдағы жұмысшылар мекемеге тиесілі тамақтану орталығы болмағандықтан өзге асханаларға қатынайтын. Енді өздеріне тиесілі жұмыс орындарына жақын орыннан ас ішетін болады. Өз сөзінде МӨҚЖТҚЖБ директоры Нұрлан Көшкінбаев та осы мәселелерді тарқатып айтты:

– Мекеме биыл қаңтар айында ашылды. Жұмыс қарқыны жақсы. Барлығы 327 адам қызмет етеді. Соңғы алты айда осы бастама қолға алынды. Нәтижесі қуантарлық яғни 4 айдың жобасында барлық тиесілі жұмыстары жүргізіліп, асхана салынды. Мердігер компания құрылыс талаптарына сай етіп салып шықты. Бұл жұмысшыларымыздың жұмысын жеңілдету, уақытын үнемдеу үшін таптырмас нысан болып отыр. Енді асханадан алысқа бармай-ақ 2 ауысымның да жұмысшылары тамақтана алады.

Салтанатты жиында «Өзенмұнайгаз» АҚ әлеуметтік-әкімшілік департаментінің директоры Т.Алеуетдинов, ардагер мұнайшы Б.Қарамұрзаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы Н.Сақтағанов сөз сөйлеп, жаңа нысанның ашылуымен жұмысшыларды құттықтады. Асхананың лентасы қиылып, символикалық кілті табысталды. Бұдан былай тамақтану орталығы мұнай саласына үлесін тигізіп жүрген басқарма жұмысшыларын сапалы да дәмді ыстық аспен қамтамасыз ететін болады.



ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӨТТІ

№5 СКВАЖИНАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТОЛЫБЕК БЕРДІБАЕВ, ҚОЛДАСБАЙ МҰРЫНОВ, ДЕМЕУ ОРЫНБАСАРОВТЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ ӨЗЕН КЕНОРНЫ ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.

Бұлар үшеуі бірлесе жүріп арнайы техниканың көмегімен мұнай өнімділігі түсіп кеткен скважиналарға қайнаған су айдап, мұнай парафинін ерітеді. Скважинаға күніне 120 куб ыстық су айдалады. АЦН жүргізушісі судың 90-97 градуста сақылдап қайнатылатынын айтады.

Жүргізушілер компаниядағы әлеуметтік мәселелердің жыл өткен сайын оң шешімін тауып келе жатқанына ризашылықтарын білдірді. Еңбек демалысында «Сарыағаш», «Сосновый бор» шипажайларында демалып қайтқан олар өздерінің жұмысына зор ықыласпен кіріседі екен. Кез келген жұмыс сапасы маманға тәуелді. Әрбір маман-компания байлығы. Осы заманғы проблемалардың көпшілігі әлеуметтік мәселеге байланысты екендігі айтпаса да түсінікті. Асхана тамағы мен жалақы көлемі де мұнайшы жігіттер көңілінен шығуда.

Сөзге сараң жігіттер «еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ» екендігін айтады. Иә, аталарымыз «еңбек етіп, ас ішсең, балдан тәтті болады» – деп бекер айтпаса керек.



ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІНЕ 5 ЖЫЛ



ҚЫРКҮЙЕКТЕ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ 5 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ.



Мерекенің ресми бөлігі Отпан тау кешеніндегі «Қарашаңырақта» өтті. Онда алдымен жиналған көпшілікті кешен директоры Нұрлан Мұсаев құттықтады. Ол «Отпан Амал мерекесінде күллі қазақтың басы қосылып көрсетін келелі орынға айналды. Ұлан-асыр той болып, көпшілік осы жерде арқа-жарқа болады. Алайда сол мерекемен ғана шектелмей, бұл жерге жылдың басқа уақыттарында да осындай жастар келіп жатса, қандай жақсы?! Бүгін Жас мамандар кеңесінің 5 жылдық мерекесіне орай жиналып отырсыздар. Қош келдіңіздер!» деп салтанатты жиынның алғашқы сөзін сөйледі.

Одан соң жас мамандардың 5 жылда атқарған жұмыстары көрсетілді. Кеңестің рационализаторлық жобалар байқауы бойынша жетістіктері сараланды. Компанияның белсенді жас буынының жасап жүрген

жұмыстары туралы «Өзенмұнайгаз» АҚ Транспорт жөніндегі басқарушы директоры Айтқали Бөшенев айтып өтті. «Жас мамандар кеңесі 5 жыл ішінде көптеген мәдени-көпшілік, қоғамдық шараларды ғана емес, сонымен қатар өндіріске қатысты, қайырымдылық бағытындағы, патриоттық шараларды да өткізді. Тәрбиелік мәні зор жақсы бастамаларымен көрініп жүр. Бұл әрекеттері басқа мекемелерге үлгі боларлықтай. «Отпан тау» кешені биіктік. Сол биіктіктей ойлары да, жалдары да биіктен көріне берсін деген тілек бар», - деді. Ал шараның басты қонағы ретінде шақырылған ҚР Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің МО бойынша департаментінің басшысы Нүргүл Жанназарова мұнайшы жастардың қоғамдағы белсенділігі өндірістің дамуына оң ықпалын тигізеді деп атап өтті.

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі Маңғыстаудағы мұнай компаниялары арасынан алғашқы болып құрылған бірлестік. Оны құру Елбасының тікелей тапсырмасы негізінде жүзеге асқан. Әрине, сүрлеуі жоқ жаңа топтың жұмысын ұйымдастыру оңай болмаған. Десе де соның басы-қасында жүрген Бауыржан Мамбетсапаев, Әділ Сүйебай, Мұхамбетберді Сүйітов, Бағдат Қарамбетов, Асқар Ноғайев сынды азаматтардың жиын барысында аттары аталып, 5 жылдық мерекеге орай марапатталды. Білім күнімен тұспа-тұс келген мейрамда мұнайшылар облыстың бір

топ үздік оқушысын мерекеге шақырған. Мақсат оқушылардың өздерінен үлкен буынмен қарым-қатынасын нығайтып, оларды отансүйгіштікке баулу болды. Кішкентай қонақтарға сый-сияпаттар үлестерілді.

Шараға 5 жыл бойы қоян-қолтық араласып келе жатқан «ҚазГермұнай» ЖШС, «Қарашығанақ» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Атырау мұнай өндіру зауытының жас мамандары қатысты. Астана, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Ақтау қалаларынан әріптестерін арнайы құттықтауға келген жұмысшы жастар ақ тілектерін айтып, естелік сыйлықтарын тапсырды. Ал «Қарашаңырақтың» келесі залында Жас мамандар кеңесінің архивінен фотокөрме қойылды. Жиыннан соң қонақтар мерекелік дастарханнан дәм татып, жас мамандар ұсынған концертті тамашалады. Сондай-ақ «Отпан тау» тарихи-мәдени кешеніне, «Адай ата» кесенесіне, мұражайға экскурсия ұйымдастырылды.

Мереке «Кендірлі» демалыс аймағында квестбол стратегиялық-спорттық сайысына және кешкісін салтанатты банкетке ұласты.





ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫН ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ДЕМАЛЫСЫНА ЖІБЕРДІ. КЕНОРЫННЫҢ ИГЕРІЛУІНЕ ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСҚАН МАМАНДАРДЫ БАСШЫЛЫҚ ЗОР ҚҰРМЕТПЕН ШЫҒАРЫП САЛДЫ.

Бейнетті еңбектен – зейнетті демалысқа

Компания оларды қаладағы «Атамекен» мейрамханасына шақырып, дастархан жайды. Шақырылған 250 адамның 34-і көп жылдық еңбектерінің құрметті демалысына аттанып бара жатқандар болса, қалғаны мекемеде қызмет етіп, әр жылдары зейнеткерлікке шыққандар болды. Мұнай өндірісіндегі қызық та қиын күндерін артқа тастап, зейнеткерлікке шығып бара жатқан жандарға салтанатты бас қосуда алғыс айтылды. Компанияның өрлеу кезеңдерінде олардың қолтаңбалары қалды.

Жиналғандар зейнеткерлерге демалыстарында мықты денсаулықпен компанияның қуанышты жаңалықтарына ортақтасып отыруларына тілектестік білдірді.

Сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан ұзақ жылдар жасаған абыройлы қызметтері үшін зейнеткерлікке шығып бара жатқан бір топ мұнайшыға «Алғыс хаттар» мен «Технодом» сауда үйінің сертификаттары табысталды. Әр мұнайшы ардагердің құшағын гүлге толтырды. Оған қоса барлық зейнеткерлерге сыйлықтар табыс етілді. Олар да өз тараптарынан разылықтары мен ақ тілектерін жаудырып жатты. Ал тәңірінің ырзық-несібесін осы компаниядан табуға жазған әр жан еңбектерін бағалап, құрметпен шығарып салып жатқан компания басшылығына ризашылығын білдірді. Ұжымның мұнай өнімінің жоспарын орындап, алға қойған мақсаттарға қиындықсыз жете беруіне тілектестік білдірді.

Жиналған көпшілікке жаңаөзендік өнерпаздар ән мен жыр, күйден шашу шашты.

РАБИҒАНЫҢ дара жолы

№1 Мұнай-газ өндіру басқармасының әкімшілік-әлеуметтік бөлім басшысы Рабиға Нұрханқызы Манасова 1960 жылдың 20 қаңтарында Жамбыл қаласында дүниеге келді. 1977 жылы Жамбыл атындағы №5 орта мектепті бітіріп, Жаңаөзен қаласына келеді. Осы жылы Гурьев политехникалық техникумының Жаңаөзен қаласындағы филиалының кешкі бөлімін бітіріп шығады. 1999-2003 жылдары Ақтау қаласындағы Қайнар университетінің сырттай бөлімінде оқып, құқықтану мамандығын алып шығады.

ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛ

Еңбек жолын 1977 жылы 3 қазанда сол кездегі «Маңғышлақ» бірлестігі «Өзеннефть» Мұнай-газ өндіру басқармасы №4 Мұнай-газ өндіру цехында мұнай-газ өндіру операторы болып бастады. 1977-1982 жылдар аралығында №4 МГӨЦ мұнай-газ операторы, 1982-1996 жылдары «Өзеннефть» МГӨБ мамандар бөлімінің инженері, аға инженері, 1997 жылы №1 МГӨБ мамандар бөлімінің инженері, аға инженері, 1997-2010 жылдар аралығында №1 МГӨБ мамандар және әлеуметтік қамту бөлімінің бастығы, 2010 жылдан қазіргі таңға дейін «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының әкімшілік-әлеуметтік қамту бөлімінің басшысы болып жұмыс жасайды.

БЕЛСЕНДІ РАБИҒА

Қазақ ұғымы бойынша таңғы ұйқы берекені қашырады ғой. Осыны жақсы білетін Рабиға таңертең ерте тұруға дағдыланған. Ол компанияда 41 жыл абыройлы еңбек ете жүріп, қоғам жұмысына да белсенді араласты. «Өзеннефть» МГӨБ Лениндік Жастар Комсомол комитетінің бюро мүшесі, №4 МГӨЦ бастауыш комсомол комитетінің хатшысы, бүгінде басқармадағы «НұрОтан» бастауыш партия ұйымының хатшысы.

БІЛІКТІ МАМАН-КОМПАНИЯ ТІРЕГІ

Сан жылғы тәжірибе мен өнімді еңбек Рабиғаны ұжымға сыйлы етті. Жыбыр-жыбыр етіп, тыныш отыра алмайтын, жұмысқа жанашыр оны әріптестері қатты құрметтеп, сыйлайды. Компания басшылығы әлеуметтік мәселелердің адамдар санасына ықпал ететінін жақсы түсінгендіктен, маңызды салаға Рабиға сияқты білікті мамандарды іріктеп алды. Басшылық қызмет оның іскерлік қабілетінің жарқырай ашылуына түрткі болды.

ӘРІПТЕС ПІКІРІ

«Ол жұмысына бар жанын салады. «Бәрі өз орнында» тұрғанын қалайды... Көпшілік болғасын ішінде осал жерінді көргіш, кем-кетігінді тергіш адамдар да болады. Солардың бәрімен тіл табысып, түсінісіп жұмыс жасайды. Оның үлгі аларлық қасиеттерінің бірі-тиянақтылық. Әр нәрсені басынан аяғына дейін мұқият орындауынды талап етеді»-дейді Раушан Байдуллаева.

МЕРЕЙ ӨСІРГЕН МАРАПАТТАР

Кез келген еңбек ақталады. Рабиға Нұрханқызының да еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол осы жылдардағы еңбегі үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ Құрмет грамоталарымен марапатталды. 2014 жылы Өзен кенорнын игеруге қосқан үлесі үшін компанияның 50 жылдық мерейтойына орай естелік төсбелгі тапсырылды. 2011 жылы ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы науқанын өткізудегі белсенділігі үшін қала әкімінің Алғыс хатын алды.

ТҮЙІН

Әркімнің өз таңдауы, өзінің жүріп өтер жолы бар. Бүкіл әлем, жер-дүние үнемі қозғалыста. Ештеңе бір орнында тұрмайды... Уақыттан шапшаң не бар?! Рабиға Нұрханқызы да бұйырса құрмет демалысына қамданып отыр. Еңбекпен есейіп, елдің құрметіне бөленген жанға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ





ЖҰМАБЕКТИҢ жеткен жетістігі

№3 СҚКБ трактор жүргізушісі Серік Инчимбаев пен Өзенэнергомұнай басқармасының №1 ӨЭҚ аға реттеушісі Баян Баймағамбетованың ұлдары Жұмабек Серіков – отбасының, қала берді өзі оқитын мектебінің, қаланың мақтанышы. Себебі 12 жасар өреннің бағындырған белестері бүгінгі өзінде биік.

Жұмабек Серіков – Жаңаөзен қалалық №20 орта мектептің 7 «Ә» сыныбының оқушысы. Ол 1 жыл жарымнан бері өзінің күнделікті сабағына қосымша ақылы ментальды арифметика курсына қатысады. Сол аралықта Алматы қаласында және Дубайда өткен Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері атанып үлгерді. Жуырда Жұмабекті жетістігі мол жеткіткеншек ретінде Жаңаөзен қаласының әкімі Әділбек Дауылбаев қабылдап, «Алғыс хат» табыс етті.

Жұмабек бұл шыққан биігінде тоқтап қалғысы келмейді. Ол қараша айында Сочиде өтетін жарысқа дайындалып жатыр. Жалпы болашақта осы бағытынан таймай, есеп-қисап саласының маманы болсам деген мақсаты бар.

Ата-ана үшін баласының оқуда озат, қатарының алды болғанынан артық қандай бақыт бар. Әріптесімізтеріміз Серік пен Баянның ақ қанат армандары да ұлдарымен байланысты.

Армандарыңызға жетіңіздер!



Шағын футболдан жарыс өтті

Жаңаөзендегі Қазақ газ өңдеу зауытының 45 жылдық мерейтойына орай шаһардағы мұнай-газ кәсіпорындары арасында шағын футболдан жарыс өтті.

Оған «Өзенмұнайгаз» АҚ құрамасы барып қатысып, жүлделі 3-ші орынды иеленді. Доп додасына қаладағы мекемелерден команда қатысты. Бағдат Қарамбетов: «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС – елкендегі ірі өндіріс ошағының бірі. Биыл 45 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Мәртебелі мерекелері қарсаңында өткізген футбол жарысы қаладағы командалардың, жалпы спорт сүйер жігіттердің ынтымағын арттырып, бірлігін нығайта түседі. Мұндай додалардың жиі өткізіліп тұрғаны абзал», – дейді.

Мұнайшылар доп тепті



Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерейтойына орай компания кәсіподағы үлкен футболдан турнир ұйымдастырды. Ойын Әмин Тұяқов атындағы стадионда өтті.

Мерекенің ашылу салтанатында «Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов, Технологиялық транспорт басқармасының кәсіподақ төрағасы Жанболат Қыдырғалиев, №2 Мұнай-газ өндіру басқармасы директоры Мереке Құлбеков құттықтау сөз сөйлеп, әріптестеріне сәттілік тіледі. Адамдарды жасына, мамандығына, әлеуметтік деңгейіне қарай бөлмейтін қызықты ойынға мұнайшылар білекті сыбанып, белсенді қатысты.

Бірнеше күнге созылған футбол ойыншыларды еліктірді, шабыттандырды, бойына жігер құйды. Кәсіподақ ұйымы компания жұмыскерлеріне алыста қалған балалық шаққа саяхат жасауға таптырмайтын мүмкіндік берді.

Жарыс болғасын жеңілетін мен жеңетін, ұтатын мен ұтылатын болады. I орынды №3 МГӨБ (200 мың теңге), II орынды №2 МГӨБ (150 мың теңге), III орынды №1,2,5 СҚКБ, БЖБ Транспорттар құрамасы (100 мың теңге) алды. Өзге командаларға ынталандыру мақсатында 30 мың теңге берілді. Командаларға медальдар мен дипломдар тапсырылды.